7.3 Сұйытылған мұнай газын цистерналардан қабылдауды және құйып алуды газ желісі ұйымы, өнеркәсіптік тұтынушы басшысының бұйрығымен тағайындалған тұлғалар жүзеге асырады.

7.4 Темір жол, автомобиль цистерналарындағы сұйытылған мұнай газының мөлшерін айқындау таразыдан өлшеу арқылды, ал ол болмаған жағдайда – көлемдік-массалық әдісімен не басқа тәсілмен (арнайы техникалық құралдар болған кезде) жүргізіледі. Бұл ретте сұйытылған мұнай газын қабылдау актісі бойынша сұйытылған мұнай газын қабылдау жүргізіледі. Қабылдау кезінде:

а) цистерналардың қақпақтарында және сақтандыру клапандарында бекітпе-пломбалау құрылғыларының болуын;

б) цистерналар корпустарында механикалық зақымданулардың болмауын;

в) цистернаның сұйытылған мұнай газымен толықтыру деңгейін;

г) цистернада судың болуын (дренаж түтікшесіндегі вентиль көмегімен)

д) сұйық және бу фазаларының бекітпе арматурасының жұмыс істеу жарамдылығын;

е) алынған сұйытылған мұнай газы құрамының паспортта көрсетілген стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес келуін тексереді.

7.5 Темір жол, автомобиль цистерналарынан сұйытылған мұнай газын құйып алу кезінде сақтау базаларындағы резервуарлардың толу деңгейін бақылау қажет.

7.6 ГТС-ға, ГТП-ға жеткізушіден партиямен немесе бір цистернамен түсетін сұйытылған мұнай газының нақты массасы әрбір цистерна бойынша жеке айқындалады.

7.7. Сұйытылған мұнай газының сұйық фазасын цистернадан құйып алу аяқталғаннан кейін бұл фазасын сұйытылған мұнай газын жеткізуге арналған шартта белгіленген артық қысымға дейін (шартта осындай талаптар болмаған жағдайда – нормативтік талаптарға сәйкес) сорып шығару және цистернадан құйып алынған газдың мөлшерін айқындау кезінде оны ескеру қажет.

7.8. Жеткізушіден ГТС, ГТП сақтау базаларының резервуарларына түскен сұйытылған мұнай газын құйып алу аяқталған соң ГТС-дағы, ГТП-дағы сұйытылған мұнай газын есепке алу журналында есепке алады, оның нысаны

Газды қабылдаудың барлық басқа жағдайларында (ТРҚ-дан газды қайтару және т.б.) ГТС, ГТП сақтау базаларында сұйытылған мұнай газын түскені туралы сұйытылған мұнай газын автомобиль цистерналарында қабылдау мен босатуды есепке алу журналында тиісті белгі жасалады, оның нысаны

Даулы жағдайлар туындаған және таразыда өлшеу мүмкін болмаған кезде темір жол мен автомобиль цистерналарындағы сұйытылған мұнай газының салмағын мынадай жолмен айқындауға болады.

Сұйытылған мұнай газын темір жол және автомобиль цистерналарынан құю жоспарланып отырған резервуар газдан толық босатылады. Айдау жүргізілетін құбыржолы сұйытылған мұнай газымен толық толтырылуы немесе одан толық босатылуы тиіс. Құбыржолындағы аралық ысырмалар жабық болуы және пломбалануы тиіс. Газды темір жол немесе автомобиль цистернасынан құйып алғаннан кейін құбыр жолының толу дәрежесі тексерілдеі, ол құйып алу алдындағы көлемде толықтырылуы тиіс, одан кейін резервуардағы сұйытылған мұнай газының деңгейін өлшеу жүргізіледі. Әдістеменің 4-тармағына сәйкес темір жол немесе автомобиль цистернасынан құйып алғаннан сұйытылған мұнай газының салмағы көлемдік-массалық әдіспен айқындалады және тиісті акт жасалады.

7.9 Жеткізушілерден құбыржолдары арқылы түсетін сұйытылған мұнай газын қабылдау техникалық реттеу мен метрология жөніндегі уәкілетті орган қолдануға рұқсат еткен есептеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

7.10 Есептеу аспаптары болмаған кезде құбыржолдары арқылы түсетін сұйытылған мұнай газын қабылдау резервуарларға түсетін сұйытылған мұнай газын өлшеу бойынша жүргізіледі.

7.11 Резервуарға құбыржол арқылы түскен сұйытылған мұнай газының салмағын айқындау үшін:

- а) резервуардан суды шығару;
- б) сұйытылған көмірсутегі газы айдалатын құбыржолында аралық ысырмаларды жабу және пломбалау;
- в) сұйытылған мұнай газын қабылдау операциясының алдында және одан кейін резервуардағы сұйық фазаны құю биіктігін өлшеу;
- г) сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығын, температурасын және бұл фазасының қысымын анықтау;
- д) резервуарлардың еңісіне түзетулерді ескере отырып, толтыру деңгейіне

сәйкес келетін газдың көлемін градуирленген кестелер бойынша табу;

е) сұйытылған мұнай газының массасын Әдістеменің 7.1-7.7-тармақтарына сәйкес анықтау қажет.

7.12 Сұйытылған мұнай газын қабылдауға қатысуға сұйытылған мұнай газының мөлшерін және құрамын анықтау мәселелерінде құзыретті тұлғалар (жұмыс түрі бойынша, білімі бойынша, еңбек қызметінің тәжірибесі бойынша) тағайындалады.

7.13 Сұйытылған мұнай газын қабылдауға қатысатын тұлғалар сұйытылған мұнай газының құрамын анықтау үшін оның сынағын алады.

7.14 Стационарлық сыйымдылықтардан, темір жол, автомобиль цистерналарынан және құбыржолдарынан сұйытылған мұнай газының МЕМСТ 14921-78 сәйкес алынады.

7.15 Сұйытылған мұнай газының сынақтары стационарлық сыйымдылықтардан сынақтар алу вентиль арқылы құйылған сыйымдылықтың жоғарғы ортасынан алынады.

7.16 Темір жол және автомобиль цистерналарынан түскен сұйытылған мұнай газының сынақтары цистернаның төменгі бөлігінде орнатылған цистерна босататын құю-құйып алу құбырының бақылау вентилі көмегімен әрбір партиядан алынады.

Темір жол және автомобиль цистерналарынан сұйытылған мұнай газының сынақтары кемінде екі цистернадан әрбір партияның бірінші және төртінші цистерналарынан алынады.

7.17 Бір цистерналар келген кезде сынақтар әрбір цистернадан алынады.

7.18 Құбыржол арқылы түсетін сұйытылған мұнай газының сынақтары құбыржолының тік учаскесінен кемінде үш рет (түсу басында, ортасында және соңында) әрбір түскен сұйытылған мұнай газынан алады.

Талдануға тиіс сынақ алынған сынақтардың тең бөліктерінен жасалады.

7.19 Баллондарда сақталатын сұйытылған мұнай газының сынағын баллондардың 1%-нан алады.

Сұйық фазадан сынақты көлденең жатқан баллондардан алады.

7.20 Сұйытылған мұнай газының құрамы мынадай тәсілдердің бірімен:

а) «Сұйытылған көмірсутегі газдары. Құзыретті құрамын анықтау әдісі» МЕМСТ 10679-76 сәйкес әртүрлі үлгідегі хромотографтарда;

б) Әдістеменің И-қосымшасында келтірілген сұйық фазаның температурасына қарай бу фазасының абсолюттік қысымының кестесі бойынша анықталады.

7.21 Сұйытылған мұнай газының сұйық қалдығын, еркін судың болуын және қаныққан булардың қысымын анықтау 1663-2007 ҚР СТ сәйкес жүргізіледі.

7.22 Күкірт сутегін және меркаптан күкіртін анықтау 22985-78 МЕМСТ сәйкес жүргізіледі.

7.23 Баллондардағы сұйытылған мұнай газын есепке алу оларды толтырғаннан кейін өлшеу арқылы жүргізіледі. Жіберілген сұйытылған мұнай

газының нақты массасы толтырылған және бос болған баллон массасының айырмасы ретінде анықталады.

7.24 Баллондардағы сұйытылған мұнай газының массасын материалдық жауапты тұлға немесе бақылаушы сұйытылған мұнай газымен баллондарды толтыру және толтырылған баллондарды бақылау журналында тіркейді, оның нысаны Әдістеменің К-қосымшасында келтірілген.

7.25 Балоннадармен берілген сұйытылған мұнай газын есепке алу үшін:

а) баллондарды жылжыту бойынша барлық операцияларға уақтылы құжат жасау, оның ішінде сақтау орындарда (қоймаларда, цехтарда) қалған баллондар туралы нақты мәліметтердің болуы;

б) баллондардың түсуін, жіберілуін және сақталуын бақылауды қамтамасыз ету қажет.

Қоймаларға қабылдау және олардан босату туралы деректер сұйытылған мұнай газымен баллондарды қоймаларға қабылдау және қоймалардан босату журналына жазылады, ол Әдістеменің Л-қосымшасында келтірілген.

7.26 ГТС-да, ГТП-да баллондардағы сұйытылған мұнай газының сұйық қалдықтарының қайтарылуын және басқа да операциялардан сұйытылған мұнай газының түсімдерін ескеру қажет.

7.27 Сұйытылған мұнай газын ыдыстарда сақтау Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің 20085 жылғы 29 қазандағы № 189 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

7.28 Сақтау кезінде сұйытылған мұнай газын есепке алу ГТС, ГТП сақтау базаларының резервуарларындағы сұйытылған мұнай газының деңгейін өлшеу, баллондарға толтырылған сұйытылған мұнай газының мөлшерін таразыда өлшеу арқылы есептеу жолымен жүргізіледі.

Сақталатын сұйытылған мұнай газының массасын анықтау Әдістеменің 7.1-7.16-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

7.29 ГТС-дан, ГТП-дан темір жол, автомобиль цистерналарына босату кезінде сұйытылған мұнай газының мөлшерін есепке алу массаалық, көлемдік-массаалық әдістерімен не болмаса есептеу аспаптарын қолданып жүргізіледі.

Есепке алу операциялары сұйытылған мұнай газын автомобиль цистерналарынан қабылдау және олардан босату журналында көрсетіледі, оның нысаны Әдістеменің Ж-қосымшасында келтірілген.

7.30 Сұйытылған мұнай газын баллондардан босату кезінде оның мөлшерін есепке алу массаалық әдіспен жүзеге асырылады.

8 Сұйытылған мұнай газының сұйық қалдығын есепке алу

8.1 ТРҚ-да ішкі тексерулер, жөндеулер, қайта куәландырулар және өзге де технологиялық операциялар жүргізу кезінде олардан баллондарда, автомобиль цистерналарында сұйытылған мұнай газының сұйық қалдығы ГТС-ға, ГТП-ға түседі.

8.2 Баллондардан және автомобиль цистерналарынан сұйытылған мұнай газының сұйық қалдықтары ГТС-ның, ГТП-ның сақтау базаларының осыған арналған резервуарына кұйылады.

8.3 Сақтау базаларының резервуарларында сұйытылған мұнай газының сұйық қалдықтарының мөлшерін өлшеу жүргізіледі, оларды есепке алу сұйытылған мұнай газының сұйық қалдығы бар резервуарларда өлшеу журналында жүргізіледі, оның нысаны осы Әдістемеге М-қосымшасында келтірілген.

8.4 Сұйытылған мұнай газының сұйық қалдықтарын материалдық жауапты тұлға сұйытылған мұнай газының сұйық қалдығы бар резервуарларда өлшеу журналындағы жазбаларға сәйкес ілеспе құжат бойынша есепке алады.

8.5 Сұйытылған мұнай газының сұйық қалдықтарын ҚР СТ 1663-2007 сәйкес мынадай тәсілмен пайдалануға рұқсат етіледі:

- а) үй-жайларда орнатылатын баллондарды толтыру;
- б) топырақтың қатуынан төмен тереңдікте құбыржолдарын салу кезінде жасанды буландырып ТРҚ-ға кұю.

8.6 Сұйытылған мұнай газының сұйық қалдықтары қазандықта (ГТС-да, ГТП-да немесе ұйымдардың қазандықтарында) отын ретінде пайдаланылуы мүмкін.

9 Газ толтыру станцияларында және газ толтыру пункттерінде сұйытылған мұнай газының көлемі мен массасын өлшеу

9.1 Сұйытылған мұнай газының көлемін көлемдік-массалық әдіспен анықтау кезінде ГТС, ГТП резервуарларында әртүрлі үлгідегі деңгей өлшегіштер пайдаланылады.

9.2 Сұйытылған мұнай газының деңгейін өлшеуде жол берілетін ақаулық деңгей өлшегіштің паспортында көрсетілген шамадан аспауға тиіс.

9.3 Резервуарды толтырудың белгілі бір деңгейі бойынша сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының көлемі газ желісі ұйымының басшысы бекіткен резервуарлар үшін градуирленген кестелер бойынша айқындалады.

9.4 Резервуарларға арналған градуирленген кестелер МЕМСТ 8.346-79 бойынша жасалады.

9.5 ГТС-ның, ГТП-ның барлық технологиялық құбыржолдары үшін градуирленген кестелер жасалады және бекітіледі, олардың нысаны осы Әдістемеге Н-қосымшасында келтірілген.

Әртүрлі диаметрдегі құбыржолының бір метрінің көлемдері осы Әдістемеге П-қосымшасында келтірілген.

9.6 Резервуарларды және технологиялық жабдықты өлшеуді комиссия жүзеге асырады, ол газ желісі ұйымы, өнеркәсіптік тұтынушы басшысының бұйрығымен тағайындалады.

9.7 Егер резервуарда осьтің еңісі болған жағдайда, сұйытылған мұнай газының сұйық фазасын құю биіктігінің көрсеткіштеріне еңіске қатысты түзету енгізіледі:

$$\Delta H = \pm a \times L,$$

мұндағы a - МЕМСТ 8.346-79 сәйкес резервуар осінің еңісі;

L – деңгей көрсеткіш осінен резервуар ортасына дейін қашықтық, см;

«-» - деңгей көрсеткіш жағына еңіс;

«+» - деңгей көрсеткіштің қарама қарсы жағына еңіс.

57. Резервуарларда еңісті бақылауға арналған деңгейлер немесе есептеу шеттері болуға тиіс.

9.8 Еңісті айқындау МЕМСТ 8.346-79 сәйкес жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

9.9 Сұйытылған мұнай газының бу фазасының резервуардағы көлемі резервуардың номиналды сыйымдылығының және сұйытылған мұнай газының сұйық фазасы алатын көлемінің арасындағы айырма ретінде айнықталады:

$$V_n = V_n - V_{ж},$$

мұндағы V_n - сұйытылған мұнай газының бу фазасының резервуардағы көлемі, м³;

V_n - резервуардың номиналды сыйымдылығы, м³;

$V_{ж}$ – еңіске түзету ескеріле отырып, градуирленген кесте бойынша резервуардағы сұйытылған мұнай газының сұйық фазасы, м³.

9.10 Белгілі көлемі бойынша сұйытылған мұнай газының массасын көлемдік-массалық әдіске сәйкес анықтау үшін оның құрамын, сұйытылған мұнай газының бу фазасының тығыздылығын, температурасын және қысымын білу қажет.

9.11 Пропан мен бутанның сұйық фазасының температураға қарай тығыздылығы осы Әдістемеге Р-қосымшасына сәйкес анықталады.

9.12 Сұйытылған мұнай газының бу фазасының тығыздылығы қалыпты жағдайларда құрамына қарай осы Әдістемеге Р-қосымшасына сәйкес анықталады.

9.13 Сұйытылған мұнай газының нақты температурасы резервуарлардағы және технологиялық құбыржолдарының арнайы салынбалы конструкцияларында орнатылған термометрлермен өлшенеді.

9.14 Сұйытылған мұнай газының бу фазасының қысымы техникалық манометрлермен өлшенеді.

9.15 Сұйық және бу фазасы көлемінің, сұйық фазасы температурасының және бу фазасы қысымының белгілі мәндері кезінде сұйытылған мұнай газының массасы мынадай формулалар бойынша анықталады:

1) сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының массасы:

$$Q' = ((\rho_{ж}^I \times x_{ж} + \rho_{ж}^E \times \gamma_{ж}) \times V_{ж}) / 100 \text{ (кг)},$$

мұндағы Q' - сұйытылған мұнай газының сұйық фазасы, кг;

$\rho_{ж}^I$ - осы температура кезінде пропанның сұйық фазасының

тығыздылығы, кг/м³ (Әдістеменің Р-қосымшасында келтірілген);

$\rho_{ж}^5$ осы температура кезінде бутанның сұйық фазасының тығыздылығы, кг/м³ (Әдістеменің Р-қосымшасында келтірілген);

$V_{ж}$ - сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының көлемі, м³;

$x_{жс}$ - сұйытылған мұнай газында пропанның пайыздық құрамы, % (Әдістеменің И-қосымшасында келтірілген);

$\gamma_{ж}$ - сұйытылған мұнай газында бутанның пайыздық құрамы, % (Әдістеменің И-қосымшасында келтірілген);

2) сұйытылған мұнай газының бу фазасының массасы:

$$Q'' = \rho_{II}^0 \times V_{II} \times K_1 \text{ (кг)},$$

мұндағы Q'' - сұйытылған мұнай газының бу фазасы, кг;

ρ_{II}^0 - қалыпты жағдайларда құрамына қарай сұйытылған мұнай газының бу фазасының тығыздылығы (P=101,3кПа, t=0°C), кг/м³ (Әдістеменің С-қосымшасында келтірілген);

K_1 - температураға және қысымға қарай сұйытылған мұнай газының бу фазасының көлемін қалыпты жағдайларға (P=101,3кПа, t=0°C) ауыстыру коэффициенті (Әдістеменің Т-қосымшасында келтірілген).

9.16 Резервуардағы сұйытылған мұнай газының массасы резервуардағы сұйытылған мұнай газының сұйық фазасы және бу фазасы массасының жиынтығы ретінде анықталады.

Егер резервуарда сұйытылған мұнай газының сұйық фазасы болмаған, бірақ онда артық қысым болған жағдайда, бу фазасының массасын ғана ескерген жөн.

10 Топтық резервуарлық қондырғыларға құю операциялары кезінде сұйытылған мұнай газын есепке алу

10.1 ТРҚ-ға сұйытылған мұнай газын жеткізу мен құю автомобиль цистерналарымен жүзеге асырылады. ТРҚ-да сұйытылған мұнай газының түсуін (толтыруын) есепке алу үшін мынадай әдістер қоланылады:

а) массалық:

1) ГТС-дан немесе ГТП-дан шығу және ТРҚ-ға сұйытылған мұнай газын құйғаннан кейін қайтып келу кезінде автомобиль цистернасы өлшенеді. ТРҚ-ға құйылған (толтырылған) сұйытылған мұнай газының салмағын өлшеу арасындағы жүру жолында жұмсалған отын массасын ескере отырып, автомобиль цистернасының салмағы құйғанға дейінгі және құйғаннан кейінгі салмағының айырмасы ретінде анықталады;

2) автомобиль цистернасында орнатылған құралдар арқылы (масса өлшегіштер және т.б.);

б) көлемдік-массалық – ТРҚ-да орнатылған техникалық өлшеу құралдары арқылы (деңгей өлшегіштер, термометрлер және т.б.).

ТРҚ-дағы сұйытылған мұнай газы есептерінің деректері журналда

көрсетіледі

ТРҚ-дағы сұйытылған мұнай газын есепке алу массалық бірлікпен жүргізіледі (кг).

11 Өз қажеттіліктеріне жұмсалған сұйытылған мұнай газының шығысын есепке алу және сұйытылған мұнай газының ысыраптары

11.1 Қабылданған және босатылған сұйытылған мұнай газының теңгерімін жасау кезінде «Газды босату» бөлімінде өз қажеттіліктеріне жұмсалған сұйытылған мұнай газының шығысын көздеу қажет.

11.2 Қазандықты газбен жабдықтауға арналған сұйытылған мұнай газының шығысы есептеу аспаптары арқылы, ал олар болмаған кезде – газ жылыту құрылғыларының қуаты бойынша анықталады.

11.3 Автомобильдерді толтыруға арналған сұйытылған мұнай газының шығысы есептеу аспаптары бойынша анықталады.

11.4 Металды бумен кесуге және дәнекерлеуге, вентильдерді дайындау кезінде құбырларды қыздыруға, дәнекерлеп жабыстыруға және қалайылауға, газ желісі ұйымы, өнеркәсіптік тұтынушы қызметкерлерінің тұрмыстық қажеттіліктеріне (тағам дайындау мен жылыту), битум мастикасын дайындауға, техникалық кабинеттің қажеттіліктеріне, авариялық және жөндеу жұмыстары кезінде қатып қалған топырақты жылытуға, химиялық зертхананың қажеттіліктеріне және т.б. арналған сұйытылған мұнай газының шығысы сұйытылған мұнай газының нақты жұмсалыуына сүйене отырып, массалық әдіспен анықталады.

11.5 ГТС-да, ГТП-да, ТРҚ-да сұйытылған мұнай газының шығысы мынадай операциялар кезінде орын алады:

а) сұйытылған мұнай газын құбыржолджары арқылы, темір жол және автомобиль цистерналарынан қабылдау;

б) сұйытылған мұнай газын сақтау орындарында сақтау (нормативтік актілерде және/немесе осы Әдістемеді белгіленген нормалардың шегінде сапасы сақталған жағдайда, физикалық-химиялық қасиеттердің табиғи өзгеруінен сұйытылған мұнай газы массасының азаюын білдіретін табиғи кему);

в) баллондарды, автогазтасығаштарды толтыру және олардан құйып алу;

г) технологиялық жабдықты жөндеу, бекітпе арматураны жөндеу мен ауыстыру;

д) кезеңдік куәландырулар алдында ыдыстарға газсыздандыру жүргізу;

е) жөндеулер жүргізілгеннен кейін, кезеңдік куәландырулар кезінде және жаңадан орнатылған жабдықты іске қосу кезінде технологиялық жабдықты үрлеу.

Бұдан басқа жабдықтың герметикалығы болмауына байланысты сұйытылған мұнай газының ысыраптары, сондай-ақ есепке алуға және нормалауға жатпайтын ескерілмеген ысыраптар орын алады.

11.6 Ысыраптар нормасы пайызбен көрсетілетін сұйытылған мұнай газын жылдық өткізуге (босатуға) ысыраптар жиынтығының қатынасы деп түсініледі

11.7 Сұйытылған мұнай газының ысыраптары төмендегідей анықталады:

А) Темір жол цистернасынан құйып алу кезінде ысыраптарды есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_{\text{ж}} = P_{\text{ж}}^{\text{ж}} + P_{\text{ж}}^{\text{г}} + P_{\text{ж}}^{\text{БЗ}} \text{ (кг)}, \quad (1)$$

мұндағы $P_{\text{ж}}^{\text{ж}}$ – бір цистернадан құйып алу кезінде сұйытылған мұнай газының сұйық фазасындағы ысыраптары, кг;

$P_{\text{ж}}^{\text{г}}$ – бір цистернадан құйып алу кезінде сұйытылған мұнай газын бу фазасындағы ысыраптары, кг;

$P_{\text{ж}}^{\text{БЗ}}$ – сұйытылған мұнай газын құйып алғаннан кейін цистернаның көлемін толтыратын газ фазасы қайта келуі түрінде сұйытылған мұнай газының ысыраптары, кг.

$$P_{\text{ж}}^{\text{ж}} = k \times \rho_{\text{ж}} \times V_{\text{ш}} \text{ (кг)}, \quad (2)$$

мұндағы k – бір цистернаны құйып алу кезінде құйып алу-қю желілерінің саны (ішкі кеңістіктің бірдей көлемі кезінде);

$\rho_{\text{ж}}$ – сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы, кг/м³;

$V_{\text{ш}}$ – құйып алу-қю шлангінің көлемі, м³.

$V_{\text{ш}}$ я көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

$$V_{\text{ш}} = \frac{\pi \times d_{\text{ш}}^2}{4} \times l_{\text{ш}} \text{ (м}^3\text{)}, \quad (3)$$

мұндағы $d_{\text{ш}}$ – шлангінің ішкі диаметрі, м;

$l_{\text{ш}}$ – шлангінің ұзындығы, м;

π – константа (3,14159).

$$P_{\text{ж}}^{\text{г}} = \rho_{\text{г}} \times V_{\text{ш}} \text{ (кг)}, \quad (4)$$

мұндағы $\rho_{\text{г}}$ – сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы, кг/м³;

$V_{\text{ш}}$ – газ фазасына арналған шлангінің көлемі, м³, мынадай формула бойынша анықталады (3).

$$P_{\text{ж}}^{\text{БЗ}} = \rho_{\text{г}} \times V_{\text{ц}} \text{ (кг)}, \quad (5)$$

мұндағы $V_{\text{ц}}$ – бір цистернаның көлемі, м³.

ҮЛГІ

Темір жол цистернасындағы сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы $\rho_{\text{ж}}$ 549,37 кг/м³, ал сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы $\rho_{\text{г}}$ – 3,19 кг/м³ құрайды дерлік. Құйып алу сұйық фазасы үшін екі желіде жүргізіледі (ішкі кеңістіктің бірдей көлемі кезінде) жеңнің диаметрі 0,038 м және ұзындығы 5 м және газ фазасы үшін бір жеңмен жүргізіледі

диаметрі 0,038 м және ұзындығы 5 м. Цистернаның көлемі - 73,9 м³.

Құйып алу кезінде ысыраптар құрайды:

$$P_{жс} = 2 \times 549.37 \times \frac{3.14 \times 0.038^2 \times 5}{4} + 3.19 \times \frac{3.14 \times 0.038^2 \times 5}{4} + 3.19 \times 73.9 =$$
$$= 6.23 + 0.02 + 235.74 = 241.99, кг$$

Б) Автомобиль цистернасын, газ баллоны автомобилін толтыру кезінде сұйытылған мұнай газының ысыраптарын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_a = P_{сб} = \rho_{жс} \times V_{шл} \quad (6)$$

где $\rho_{жс}$ – сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы ;

$V_{шл}$ – толтыру кезінде пайдаланылатын шлангінің көлемі , м³.

ҮЛГІ

Толтыру кезінде сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы $\rho_{жс}$ 546,97 кг/м³ құрайды. Толтыру жеңінің диаметрі 0,038 м және ұзындығы 5 м желімен жүргізіледі.

Толтыру кезіндегі ысыраптар құрайды:

$$P_a = P_{сб} = 546.97 \times \frac{3.14 \times 0.038^2 \times 5}{4} = 3.10, кг$$

В) Баллонды толтыру кезінде сұйытылған мұнай газының ысыраптарын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_{сб} = \rho_{жс} \times V \quad (7)$$

мұндағы $\rho_{жс}$ –баллонды толтыру кезінде сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы , кг/м³;

V – баллонды толтыру үшін толтырғыш құрылғы қуысының көлемі, м³.

ҮЛГІ

Баллонды толтыру кезінде сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы $\rho_{жс}$ 546,97 кг/м³ құрайды дерлік. Толтыру көлемі 0,001 м³.толтырғыш құрылғысымен жүргізіледі.

Баллонды толтыру кезіндегі ысыраптар құрайды:

$$P_{сб} = 546.97 \times 0.001 = 0.55, кг$$

Г) ГТС-дағы жабдықты жөндеуге байланысты операциялар кезіндегі ысыраптарды есептеу:

1) Жөндеуге және куәландыруға байланысты ыдысты (резервуар, цистерна, баллон) босату кезінде сұйытылған мұнай газының ысыраптарын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_p = \rho_{\Gamma} \times V \text{ (кг)}, \quad (8)$$

мұндағы V - жөнделуге және куәландырылуға тиіс ыдыстың көлемі, м³;
 ρ_{Γ} - сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы кг/м³.

ҮЛГІ

Ыдысты босату кезінде сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы ρ_{Γ} 3,19 кг/м³ құрайды дерлік. Ыдыстың көлемі 0,050 м³ құрайды.

Ыдысты босату кезінде ысыраптар құрайды:

$$P_p = 3.19 \times 0.050 = 0.16, \text{ кг}$$

2) ыдысты (резервуарды, цистернаны, баллонды) жөндеуден кейін үрлеу кезінде сұйытылған мұнай газының ысыраптарын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_{np} = \ln\left(\frac{K_{НАЧ}}{K_{КОН}}\right) \times V \times \rho_{\Gamma} \text{ (кг)}, \quad (9)$$

мұндағы $K_{НАЧ}$ – үрлеу басында ауаның концентрациясы, 100 %;

$K_{КОН}$ - үрлеу соңында ауаның концентрациясы, 5 %;

V – үрленетін сыйымдылықтың көлемі, м³;

ρ_{Γ} – үрлеу жүргізілетін сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы, кг/м³.

ҮЛГІ

Ыдысты үрлеу кезінде сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы ρ_{Γ} 3,19 кг/м³ құрайды дерлік, ал үрленетін сыйымдылықтың көлемі - 5 м³.

Үрлеу кезінде ысыраптар құрайды:

$$P_{np} = \ln\left(\frac{100}{5}\right) \times 5 \times 3.19 = 47.85, \text{ кг} .$$

3) бекітпе арматурасын ауыстыру, жөндеу кезінде сұйытылған мұнай газының ысыраптарын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі :

$$P_{за} = P_{за}^{жс} + P_{за}^2 + P_{за}^{прод} \text{ (кг)}, \quad (10)$$

мұндағы $P_{за}^{жс}$ –арматураны жөндеу алдында құбыржолын босату кезінде сұйытылған мұнай газының сұйық фазасындағы ысыраптары , кг;

$P_{за}^2$ - арматураны жөндегеннен немесе ауыстырғаннан кейін құбыржолын үрлеу кезінде сұйытылған мұнай газының газ фазасындағы ысыраптары, кг;

$P_{за}^{прод}$ - арматураны жөндегеннен немесе ауыстырғаннан кейін құбыржолын үрлеу кезінде сұйытылған мұнай газының ысыраптары, кг.

$$P_{за}^{жс} = \rho_{жс} \times V_{жс} \text{ (кг)}, \quad (11)$$

мұндағы $V_{ж}$ – ауыстыру, жөндеу алдында босатуға қажетті сұйытылған мұнай газының сұйық фазасы құбыржолының көлемі, м³, мынадай формула бойынша анықталады (3);

$$\rho_{ж} - \text{сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы, кг/м}^3. \\ P_{за}^2 = \rho_2 \times V_2 \quad (\text{кг}), \quad (12)$$

мұндағы V_2 – ауыстыру, жөндеу алдында босатуға қажетті сұйытылған мұнай газының газ фазасы құбыржолының көлемі, м³, мынадай формула бойынша анықталады (3);

$$\rho_2 - \text{сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы, кг/м}^3. \\ P_{за}^{прод} = \ln\left(\frac{K_{нач}}{K_{кон}}\right) \times (V_{ж} + V_2) \times \rho_r \quad (\text{кг}), \quad (13)$$

мұндағы $K_{нач}$ – үрлеу басында ауаның концентрациясы, 100 %;

$K_{кон}$ - үрлеу соңында ауаның концентрациясы, 5 %;

ρ_r – жөндегеннен, ауыстырғаннан кейін құбыржолдарын үрлеу жүргізілетін сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы;

$V_{ж}$ – жөндеу, ауыстыру алдында босатуға тиіс сұйытылған мұнай газының сұйық фазасы құбыржолының көлемі, м³;

V_2 – жөндеу, ауыстыру алдында босатуға тиіс сұйытылған мұнай газының газ фазасы құбыржолының көлемі, м³.

ҮЛГІ

Сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы $\rho_{ж}$ 549,37 кг/м³, ал сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы ρ_r – 3,19 кг/м³ құрайды дерлік. Үрлеу 3,19 кг/м³ тығыздықпен жүргізіледі.

Сұйытылған мұнай газының сұйық фазасы құбыржолының көлемі- 0,01 м³, ал тиіс сұйытылған мұнай газының газ фазасы құбыржолының көлемі- 0,005 м³.

Бекітпе арматурасын жөндеу, ауыстыру кезінде ысыраптар құрайды:

$$P_{за} = 549.37 \times 0.01 + 3.19 \times 0.005 + \ln\left(\frac{100}{5}\right) \times (0.01 + 0.005) \times 3.19 = \\ = 5.49 + 0.02 + 0.14 = 5.65, \text{ кг}$$

4) компрессорды жөндеу кезінде сұйытылған мұнай газының ысыраптарын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_k = V \times \rho_{r1} + \ln\left(\frac{K_{нач}}{K_{кон}}\right) \times V \times \rho_{r2} \quad (\text{кг}), \quad (14)$$

мұндағы $K_{нач}$ – үрлеу басында ауаның концентрациясы, 100 %;

$K_{кон}$ - үрлеу соңында ауаның концентрациясы, 5 %;

V – компрессор мен құбыржолының бекітпеге дейін қуысының жиынтық

көлемі, м³;

$\rho_{г1}$ – компрессор тоқтаған кезде сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы, кг/м³;

$\rho_{г2}$ – жөндеуден кейін компрессорды үрлеу жүргізілетін сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы, кг/м³.

Формулада (14) бірінші қосылғыш тоқтау кезінде газ ысыраптарын, ал екінші қосылғыш – компрессорды іске қосу кезінде үрлеуге газ ысыраптарын көздейді.

ҮЛГІ

Сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы $\rho_{г1}$ 3,19 кг/м³ құрайды дерлік. Үрлеу тығыздығы 3,19 кг/м³ сұйытылған мұнай газымен жүргізіледі. Компрессор мен құбыржол қуысының жиынтық көлемі 0,01 м³ құрайды.

Сонда компрессорды жөндеу кезінде ысыраптар құрайды:

$$P_k = 3.19 \times 0.01 + \ln\left(\frac{100}{5}\right) \times 0.01 \times 3.19 = 0.03 + 0.10 = 0.13, \text{ кг}.$$

5) сорғыны жөндеу кезінде сұйытылған мұнай газының ысыраптарын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_n = V \times \rho_{ж} + \ln\left(\frac{K_{нач}}{K_{кон}}\right) \times V \times \rho_{г} \quad (\text{кг}), \quad (15)$$

мұндағы $K_{нач}$ – үрлеу басында ауаның концентрациясы, 100 %;

$K_{кон}$ – үрлеу соңында ауаның концентрациясы, 5 %;

V – сорғы цилиндрі мен құбыржолының бекітпеге дейін қуысының жиынтық көлемі, м³;

$\rho_{ж}$ – сорғыны жөндеуге тоқтатқан кезде түсірілетін сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы, кг/м³;

$\rho_{г}$ – жөндеуден кейін іске қосу алдында сорғы мен құбыржолға үрлеу жүргізілетін сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы, кг/м³.

Формулада (15) бірінші қосылғыш тоқтау кезінде газ ысыраптарын, ал екінші қосылғыш – сорғыны іске қосу алдында үрлеуге газ ысыраптарын көздейді.

ҮЛГІ

Сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы $\rho_{ж}$ 549,37 кг/м³, ал сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы $\rho_{г}$ – 3,19 кг/м³ құрайды дерлік. Сорғы мен құбыржол қуысының жиынтық көлемі 0,01 м³ құрайды.

Сонда сорғыны жөндеу кезінде ысыраптар құрайды:

$$P_n = 549.37 \times 0.01 + \ln\left(\frac{100}{5}\right) \times 0.01 \times 3.19 = 5.49 + 0.10 = 5.59, \text{ кг}.$$

Д) ГТС пайдалануға байланысты сұйытылған мұнай газын есептеу:

1) сұйытылған мұнай газы бар сыйымдылықты сорғыту кезінде ысыраптарды есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_\phi = \rho_r \times V \text{ (кг)}, \quad (16)$$

мұндағы V – сорғытуға тиіс сыйымдылықтың көлемі, м^3 ;

ρ_r – сорғыту кезінде жоғалатын сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы, $\text{кг}/\text{м}^3$.

ҮЛГІ

Сорғыту кезінде жоғалатын сұйытылған мұнай газының газ фазасының тығыздылығы $\rho_r = 3,19 \text{ кг}/\text{м}^3$ құрайды дерлік. Сыйымдылықтың көлемі 5 м^3 құрайды.

Сонда сорғыту кезінде ысыраптар құрайды:

$$P_\phi = 3.19 \times 5 = 15.95, \text{ кг}.$$

2) сақтандыру клапанын тексеру кезінде сұйытылған мұнай газының ысыраптарын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі :

Жер бетіндегі цилиндрлік резервуар үшін сұйытылған мұнай газының газ фазасының сақтандыру клапанының өткізу қабілеттігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$G_{n.p.} = 1000 \times D \times (L + D/2) \text{ (кг/сағ)}, \quad (17)$$

мұндағы D – жер бетіндегі цилиндр резервуарының диаметрі, м;

L – резервуардың ұзындығы, м.

Жерасты цилиндрлік резервуар үшін сұйытылған мұнай газының газ фазасының сақтандыру клапанының өткізу қабілеттігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$G_{n.p.} = 300 \times D \times (L + D/2) \text{ (кг/сағ)}, \quad (18)$$

мұндағы D – жерасты цилиндр резервуарының диаметрі, м;

L – резервуардың ұзындығы, м.

Сақтандыру клапанын тексеру кезінде сұйытылған мұнай газының ысыраптарын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_{кл} = G \times t/3600 \text{ (кг)}, \quad (19)$$

мұндағы G – сақтандыру клапанының өткізу қабілеттігі, $\text{кг}/\text{сағ}$;

t - клапанды қопару уақыты, сек.

ҮЛГІ

Жерасты цилиндрлік резервуардың диаметрі 1 м құрайды, ал оның ұзындығы 5 м дерлік. Клапанды қопару 2 секунд ішінде болсын.

Сонда жерасты цилиндрлік резервуардың сақтандыру клапанын тексеру кезінде ысыраптар құрайды:

$$P_{кл} = \frac{300 \times 1 \times (5 + \frac{1}{2}) \times 2}{3600} = 0.92, кг.$$

Е) Сұйытылған мұнай газын сақтау кезінде ысыраптарды есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$P_{xp} = \frac{H_{xp} \times \rho_{ж} \times V_{ж} \times t}{1000} \text{ (кг)}, \quad (20)$$

мұндағы H_{xp} – сұйытылған мұнай газын сақтау кезінде табиғи кему нормасы, кг/т.тәул (осы Әдістемеге Ф-қосымшасында келтірілген);

$V_{ж}$ – сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының көлемі, м³;

$\rho_{ж}$ – сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы, кг/м³;

t – жыл ішінде сыйымдылықта сұйытылған мұнай газын сақтау ұзақтығы, тәулік.

ҮЛГІ

Сұйытылған мұнай газының сұйық фазасының тығыздылығы $\rho_{ж}$ 549,37 кг/м³ құрайды дерлік, 1 тоқсандағы орташа температура - 20 °С, сонда - бірінші тоқсандағы 20°С есептейміз. Бұл мән - 21,4 °С тең келеді, осы температура үшін табиғи кему нормасының мәні 0,067 кг/т. ×тәул. тең келеді.

Сонда ысыраптар сұйытылған мұнай газын сақтауда бір тәуліктегі ысыраптары құрайды:

$$P_{xp} = \frac{0.067 \times 549.37 \times 3 \times 1}{1000} = 0.11, кг.$$

Ж) ГТС бойынша сұйытылған мұнай газының жалпы ысыраптары жекелеген баптар бойынша ысыраптарды қосу арқылы табылады:

$$P = (P_{ж} + P_{А} + P_{ГБ} + P_{Б} + P_{Р} + P_{ПР} + P_{ЗА} + P_{К} + P_{Н} + P_{ПРЕД} + P_{Д} + P_{XP}) \times 1,05 \text{ (кг)}, \quad (21)$$

мұндағы 1,05 – ескерілмеген ысыраптардың коэффициенті (есептеуге мүмкін емес ескерілмеген ысыраптар жалпы ысыраптардың 5 % ретінде қабылданады).

Есептік кезең ішінде сұйытылған мұнай газы ысыраптарының пайыздық үлесі:

$$H = P/P \times 100 \text{ (%)}, \quad (22)$$

мұндағы P – есептік кезеңдегі сұйытылған мұнай газының ысыраптары, кг;

P – есептік кезеңде сұйытылған мұнай газын өткізу, кг.

11.8 Осы Әдістемеде бір технологиялық операцияны орындау кезінде ысыраптар есебі келтірілген, бірақ есептеу тәсілдері кез келген есептік кезеңдегі (ай, тоқсан, жыл) ысыраптарды анықтауға мүмкіндік береді.

11.9 Сұйытылған мұнай газының ысыраптары қабылдау, сақтау, босату және ГТС, ГТП; ТРҚ жабдығын пайдалану кезінде өндірістік шығындарға акті бойынша есептен шығарылады.

11.10 Газдың өз қажеттіліктеріне шығысы туралы әрбір есептік кезең үшін бөлімшелерден деректерді алу, оларды тексеру және есептер жасау газ желісінің ұйымының басшысы белгілеген нысандар бойынша жүзеге асырылады.

11.11 Резервуарларды қайта куәландыру, технологиялық жабдықты жөндеу және авариялар кезінде сұйытылған мұнай газының біржолғы ысыраптары әрбір оқиға жасалатын актілерімен өндірістік шығындарға есептен шығарылады.

11.12 Табиғи кему нормаларының шегіндегі ысыраптар акті бойынша өндірістік шығындарға есептен шығарылады.

12 Газ толтыру станцияларында, газ толтыру пункттерінде және топтық резервуарлық қондырғыларда сұйытылған мұнай газының қалдықтарын алу

12.1 Әрбір айдың бірінші күніне ГТС, ГТП резервуарларындағы, цистерналардағы, баллондардағы сұйытылған мұнай газының қалдықтарын алу жүргізіледі. Бұл ретте сұйытылған мұнай газының нақты болуы анықталады, ол журналдар бойынша жедел есепке алу деректерімен салыстырып тексеріледі.

12.2 Қалдықтарды алу кезінде белгілі болған ГТС-дағы, ГТП-дағы сұйытылған мұнай газының нақты мөлшері актімен ресімделеді.

12.3 Түгендеу кезінде мүліктің іс жүзінде болуының бухгалтерлік есептің деректерімен айырмашылықтары анықталған кезде бухгалтерлік есептің артықтығы кіріс болып танылады және кіріске алынуға тиіс, ал жетіспеушіліктер – шығыс болып танылады.

Табиғи кему нормалары нақты жетіспеушіліктер анықталған жағдайларда ғана қолданылады. Белгіленген нормалар шегінде табиғи кему жиынтығы қайта сұрыптау бойынша жетіспеушілікті артықшылықпен есепке алғаннан кейін анықталады. Егер қайта сұрыптау бойынша есепке алғаннан кейін қорлардың жетіспеушілігі қалған жағдайда, онда табиғи тозу нормалары жетіспеушілік белгіленген қорлардың сол атауына қолданылады.

Табиғи тозу нормаларынан тыс қорлардың жетіспеушілігі және бүлінуіне кінәлі адамдар болған жағдайда соғылары олардың орнын толтырады.

12.4 Түгендеу кезінде газдың массасы ГТС-ның, ГТП-ның әрбір резервуары бойынша, әрбір ТРҚ бойынша жеке айқындалады.